

«Бекітемін»

«Алматы облысы білім басқармасының

Балқаш аудандық білім бөлімі» ММ

«№ 2 Жамбыл орта мектебі МДШО»

МҚМ директоры Мәнжібаева.А.А.

«16» 08 2022 жыл

**Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық білім бөлімінің
«№ 2 Жамбыл орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік
коммуналдық мекемесінің
мектепалды даярлық тобының жүзеге асыратын оқу жоспары
2022 – 2023 оқу жылы**

Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Ұсынылып отырған бағдарламада мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерді ашып, негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыру міндеттері жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты – әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жарқын адамгершілік және ұлттық құндылықтар негізінде олардың толыққанды дамуы мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынандай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоциялық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоциялық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастауыш мүмкіндіктер беру.
- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:
- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту;
- мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиелеушілердің жеке тұлғасын жан –жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру – осы бағыттар арқылы тәрбие мен оқыту іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1. дене шынықтыру (ересек тәрбиешілермен ұжымдық бейімделген дене шынықтыру);
2. жүзу (бассейн болған кезде);
3. сөйлеуді дамыту;
4. көркем әдебиет;
5. сауат ашу негіздері;
6. қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
7. көркемдік;
8. математика негіздері;
9. құрастыру;
10. қоршаған ортамен танысу;
11. сурет салу;
12. мүсіндеу;
13. жапсыру;
14. музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сай кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- Балалардың моральдық-адамгершілік, мінез-құлықтық дағдыларын қалыптастыру;
- Баланың сенімін, шығармашылығын, сыни ойлау қабілетін және жеке қасиеттерін дамыту;
- Мектепке дейінгі ұйымды, дербестік пен ынтымақтастыққа тәрбиелеу (құралдарына көмек көрсету, бірін-бірі бағалау және т.б.);
- Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұжымнан мектепке көшу кезіндегі сабақтастықты және психологиялық бейімделуді қамтамасыз ету;
- Баланы мектепке эмоциялық-ойын жағынан, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу білім беру қызметтерін:

1. «Білім берудің барлық деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
2. «Типті үлгідегі және түрлері білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары);

4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламалары).

Тәрбиелеу мен оқытудың бес тұғырлы жан-жақты дамуы мына бағыттар бойынша іске асырады:

Физикалық дамыту;

- Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

- Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

5.Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

Әр баланың қызығушылықтары, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде олардың толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады.

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайтуға қамтамасыз етіледі.салауатты өмір салтының негіздері қауіпсіз өмір сүру дағдыларын, қимыл-қозғалысты, бейімделуді, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдыларды, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынас тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті,ұлттық бірегейлік пен адамзаттық негіздерді, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды.

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді

Баланы мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоциялық және әлеуметтік тұрғыдан дайындап, білімге деген қызығушылығын оятады.

6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін , физикалық және жеке қасиеттерін дамыту, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді барысында баланың өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен олардың қимыл белсенділігін арттырып, ағзаның төзімділігі мен икемділігін жетілдіру көзделеді. Сондай-ақ әртүрлі қозғалыс ойындары, оның ішінде ұлттық және қимылды ойындар, спорттық жаттығулар ұйымдастырылып, балалардың денсаулығы мен шынығуына, бірлесіп әрекет ету дағдыларын дамытуға көңіл бөлінеді.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамытуда балалардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктері ескеріледі. Ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды байыту арқылы өмірлік жағдаяттарда қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге көңіл бөлінеді. Қолдың ұсақ моторикасы мен топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту үшін әртүрлі ойындар мен жаттығулар қолданылады. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру барысында ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлерді, балалар көркем әдебиетін таныстыру арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру, тілдік қорды молайту, бір-біріне құрметпен қарау дағдыларын нығайту көзделеді.

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Танымдық және зияткерлік дағдылар балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынасындағы қызығушылығы мен зерттеушілік әрекетіне сүйене отырып дамиды. Олар қарапайым математикалық ұғымдарды, логикалық ойлау тәсілдерін меңгереді, табиғат пен

қоғам құбылыстарын бақылайды, тәжірибе жүргізеді. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту барысында шығармашылық тапсырмалар, ойындар, сұрақ-жауап әдістері қолданылады.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Шығармашылық дағдыларын қалыптастыруда балалардың қиялы мен ойлау қабілетін, өнерге деген қызығушылығын, өзіндік ізденісін қолдау маңызды. Түрлі көркем-эстетикалық әрекеттер (сурет салу, мүсіндеу, әңгірту, би, қолөнер, құрастыру, т.б.) арқылы баланың жеке шығармашылық әлеуеті ашылады. Зерттеу іс-әрекеті барысында балалар жаңа ақпарат алуға, тәжірибе жасауға, бақылау жүргізуге, қорытынды шығаруға үйренеді. Осылайша олардың дүниетанымы кеңейіп, өзіндік Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде

Әр баланың қызығушылықтары, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде олардың толыққанды дамуы қамтамасыз етіледі, сонымен бірге балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайтуға басымдық беріледі.

Қауіпсіз өмір сүру дағдыларын, қимыл-қозғалысты, бейімделуді, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, когнитивтік дағдыларды, өзін-өзі тану мен өзара сыйластыққа бағытталған қарым-қатынас мәдениетін, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздерін, патриоттық сезімді қалыптастыру көзделеді.

Физикалық, интеллектуалдық, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиы.

Баланы мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоциялық және әлеуметтік тұрғыдан дайындап, білімге деген қызығушылығын оятады.

Балалардың денсаулық жағдайын нығайту, физикалық сапаларын және жеке қасиеттерін дамыту, қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру жүйелі түрде жүзеге асырылады.

11. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастырудың мақсаты – тәрбиеленушілерді жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар аясында қоғамның әлеуметтік және моральдық нормаларына, рухани-адамгершілік қағидаттарға баулу; отбасында, мектепте және қоғамда ізгі қарым-қатынас мәдениетін, өзара сыйластықты, эмоциялық елгезектікті, жанашырлықты дамыту. Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын жетілдіру барысында олардың өмірлік тәжірибесі мен дайындық деңгейіне назар аударылады.

Сонымен қатар, бұл бағытта баланың айналадағы ортаға деген қызығушылығы мен жауапкершілігін арттыру,

Отанын сүйе, туған жерін құрметтеуге деген түсініктерін кеңейту, табиғат пен қоғамдық құбылыстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді тереңдету, креативтік ойлауды дамыту міндеттері де көзделеді, ой-пікірін жеткізу, жаңа идеялар ұсыну дағдылары жетілдіріледі.

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	

2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат